

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/SSBG3232>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/UPQQ3037>***Р. Н. Акегожаева¹, А. С. Мурзинова²**^{1,2}Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-6435-7128>²ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2208-3049>*e-mail: raya.nurdan91@gmail.com

«ҮЙЛЕНУ» ҒҰРЫПТЫҚ РӘСІМДЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ СКРИПТОНИМДЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІГІ

Қазіргі күнімізге дейін жетіп, сақталып қалған ертедегі гұрыптық рәсімдер мен салт-дәстүрлер, жоралғылар, наным-сенімдер халықтың рухани-мәдени өмірінде маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар халықтың гұрыптық рәсімдерінің ерекшелігін зерттеп, оны тұлға тәрбиелеу мен қалыптастыруда қолданудың құндылығы зор. Түркі халықтарының үйлену тойына қатысты гұрыптық рәсімдері мен наным-сенімдерін зерттеу нәтижесі олардың шығу төркінінің бір екенін көрсетіп отыр. Біздің халықтарымызға (қазақ, түрік) ортақ осы тектес мәдени мұра, құндылықтарымызды түркі халықтарын біріктіруші күш ретінде пайдалануымызға болады, бұл өз кезегінде зерттеуіміздің өзектілігін көрсетеді. Осыған орай зерттеуіміздің мақсаты: қазақ, түрік халықтарының тілінде үйлену тойы гұрыптық рәсімдеріне қатысты лингвомәдени код ретінде сақталып қалған, заман ағымына қарай түпкі мағынасын өзгерткен тілдік бірліктерді (скриптонимдерді) зерттеу арқылы этнотілдік санасын жаңғырту тетіктерін анықтау. Осы мақсатқа сәйкес келесідей міндеттерді шешу көзделген: қазақ, түрік халықтарының үйлену тойына қатысты гұрыптық рәсімдерін анықтау, салыстыру; қазіргі қазақ және түрік тілдерінде гұрыптық рәсімдерге қатысты қалыптасқан лингвомәдени кодты бірліктерінде (скриптонимдерде) шифрланған ақпаратты ашу арқылы этнотілдік санасындағы өзгерістерге баға беру, қазіргі қолданысының ерекшеліктерін анықтау.

Кілтті сөздер: гұрыптық рәсімдер, лингвомәдени кодтар, этнотілдік сана, скриптонимдер, метонимия, түркі тілдері

Кіріспе

Қазіргі әлеуметтік экономикалық өзгерістер барысында халықтардың ұлттық негізінен ажырауы түйткілді, әрі өзекті мәселе. Себебі дәстүрлі мәдени құрылымдар мен өмір сүру салты өзгеріске ұшырағаннан кейін әр ұлттың этномәдени және дүниетанымдық ерекшеліктері біртіндеп жойылып бара жатыр. Осы тұрғыда түркі халықтарының рухани мәдениетінде тойға қатысты рәсімдер ғұрыптық-рәсімдік жоралғылары мен фольклорлық мәтіндері, атрибуттары мен қатысушылары тұрғысынан алып қарағанда рухани-мәдени құндылықтарды жаңғыртуда маңызды орынға ие. Тілге мәдениетті сақтаушы әрі ұрпақтан-ұрпаққа тасымалдаушы феномен ретінде баға беретін болсақ, әр халықтың тілінде ғұрыптық рәсімдері мен салт-дәстүрлеріне қатысты символдар, лингвомәдени кодтар сақталып қалады. Ғалымдар бұл тектес символдар барлық әлем халқының тілінде бар және дәстүрлі мәдениетінің терең қатпарларын айшықтайды дейді.

Сонымен қатар символдар (лингвомәдени кодтар) халықтың мәдениетін өткенімен, бүгінімен және болашағымен байланыстырады деп баға береді [1, 394-б.]. Қазіргі таңда ғұрыптық рәсімдер, салт-дәстүрлер салыстырмалы-салғастырмалы зерттеу нысандарына алынды, дегенмен қазіргі тілдерде ғұрыптық рәсімдерге қатысты қалыптасқан лингвомәдени кодтарды (скриптонимдер) зерттеу, сол арқылы этнотілдік сананы жаңғырту мәселесі назардан тыс қалып жатыр. Біз өз зерттеуімізде үйлену тойының қазақ, түрік халықтарының өміріндегі орны мен ұлттық болмысын айшықтаудағы рөлін бағалай отырып, тілде үйлену тойы ғұрыптық рәсімдеріне қатысты қалыптасқан, бүгінде екінші мағынаға ие болған тілдік бірліктерді зерттеу нысанына алып отырмыз. Қазақ және түрік тілдеріндегі осындай лингвомәдени кодтарға салғасырмалы талдау жасау арқылы жаһандық өзгерістердің нәтижесінде бір-бірінен алшақтап кеткен түбі бір түркі тілдерін біріктіру тетіктерін анықтауға болады деп есептейміз.

Материалдар мен әдістер

Қазақ, түрік тілдерінің ғұрыптық рәсімдеріндегі символика мен семантиканы салыстырмалы талдау ерте ғасырлардағы ортақ негізден шығатын, ұқсас лингвомәдени кодтар (скриптонимдер) мен бірегей ұжымдық түсініктерді анықтауға мүмкіндік береді. Ғұрыптық рәсімдерді F. Balgi, E. Shakir, T. Demir, Y. Irmak, K. Матыжанов, Ж. Байтелиева, Н. Толстой, О. Быкова, А. Вежицкая, С. М. Толстая және т.б. ғалымдар зерттеп, теориялық негізін қалыптастырды.

Мақалада сапалық зерттеу, соның ішінде контент-талдау әдісі қолданылды. Біріншіден, ғылыми еңбектерден қазақ және түркі халықтарының өміріндегі маңызды өтпелі кезеңнің бірі үйлену тойына қатысты ғұрыптық рәсімдерге қатысты ақпарат жинақталды. Екіншіден, жинақталған ғұрыптық

рәсімдерге қатысты тілдік бірліктердің бүгінгі тілдегі көрінісін (қолданылуы немесе тілдік қолданыстан шығуы) анықтау үшін екі тілдегі түсіндірме сөздіктермен жұмыс жасалды. Үшіншіден, осы ғұрыптық рәсімдерге қатысты тілдік бірліктердің екіншілік мағынасын анықтау үшін фразеологиялық, этимологиялық сөздіктерден мәліметтер жинақталып, салыстырылды.

Нәтижелер және талқылау

Той адамзат өміріндегі «дүниеге келу – өмір – өлім» триадасындағы ең маңызды, орталық, өтпелі кезең. Ғалымдар неке қию, үйлену рәсімдері туу, өлім секілді өтпелі кезеңдерді біріктіретін мәдени кодты қызмет деп таниды [2, 272-б.]. Осы себепті де неке қию барысындағы бірнеше кезеңнен тұратын рәсімдерді орындау лингвомәдени топ өкілдерінде, соның ішінде түркі халықтарында бұлтартпас міндет ретінде танылады.

Ғалымдардың пікірінше, той секілді мәдени мұраларды зерттеу «ғасырлар бойы сақталған» мәдени жадының құрылымдарын анықтап, халықтың руханияты мен салт-дәстүрлерінің түпкі мән-мағынасын түсінуге көмектеседі [3, 217-б.]. Бұл – қазіргі өмірлік құндылықтар жүйесі өзгерген жағдайда өте өзекті мәселе. Егер әрбір лингвомәдени топ әлемді өзінше қабылдайды десек, халықтың дүниетанымы мен көзқарасы тілде вербалды мәтінде көрініс табады. Яғни үйлену рәсімдеріне қатысты лексикалық бірліктер халықтың рухани мәдениетінің, салт-дәстүрлерінің этникалық ерекшеліктерін репрезенттейді және символдық, кодтық дәрежеге көтеріледі. Бұл туралы Т. Б. Банькова «ғұрыпқа қатысты мәтіндердің арасынан бір лексема мәдени коннотацияға ие болып, рәсімдік сөзге айналып, сакралды бірлік ретінде қызмет атқарады» [4, 23-б.] деген пікір білдіреді. Ал Н. Ф. Алефиренко өзінің зерттеулерінде екіншілік мағынаға ие болған таңбалардың ақпараттық сипаты басым болатынын атап өтеді [5]. Демек, ғұрыптық рәсімге қатысты мәтіннің ішіндегі мәдени коннотацияға ие болған лексема ғұрыптың басқа да белгілері туралы хабар беретін тірек сөзге, сакралды бірлікке айналады.

Біз өз тарапымыздан осы секілді ғұрыптық рәсімдерге қатысты қалыптасып, символдық дәрежеге көтерілген тілдік бірліктерді осы салада зерттеу жүргізген ғалымдардың [6; 7] ізімен скриптонимдер деп танимыз. Жалпы алғанда «скриптоним» терминін ғылымға алғаш рет неміс ғалымы О. Быкова енгізді. Ол скриптонимдерді «ғұрыптық рәсімдердің және оларға қатысты атрибуттардың, рәсімді орындаушы субъектілердің атаулары» деп қарастырады [6, 210-б.]. Ғалымның зерттеуін ары қарай дамытқан О. Хорхородина рәсім деп тек салт-дәстүрлер, мерекелер мен ғұрыптық рәсімдерді ғана емес, сонымен қатар адам өмірінің барлық саласын қамтитын, моральдық нормалар мен өзін-өзі ұстау ережелері, құндылықтар арқылы анықталған, когнитивті деңгейде сценарий ретінде

құрылымданған стереотипті қайталанған әрекеттерді де таниды [7]. Нәтижесінде, скриптонимдер барлық рәсімдер мен олардың атрибуттары мен субъектілеріне қатысты атаулар деген пікір білдіреді.

Жоғарыда аталған ғалымдар [6; 7] өз еңбектерінде скриптонимдердің біріншілік және екіншілік мағыналығы туралы сөз қозғайды. Дегенмен ғұрыптық рәсімге қатысты лексикалық бірліктердің символдық, кодтық дәрежеге көтерілетінін ескерсек, ғұрыптық рәсімдерге қатысты тілдік бірліктерді күнделікті қолданыстағы сөз тіркестерімен салыстырғанда сакралдық мағынасы жоғары екенін айта кету керек. Осы себепті де ғұрыптық рәсімге қатысты қалыптасқан тілдік бірліктердің барлығы қандай да бір дәрежедегі екіншілік мағынаға ие деп танып, зерттеуімізде қазақ, түрік халықтарының үйлену тойы барысында орындалатын ғұрыптық рәсімдер ұйытқы болған скриптонимдердің этнолингвистикалық ерекшеліктеріне салыстырмалы-салғастырмалы талдау жасаймыз.

Осы тұрғыда ғалымдар үйлену тойына қатысты ғұрыптық рәсімдерді төмендегідей үш топқа бөліп қарастырады: 1) Той алдындағы ғұрыптық рәсімдер; 2) Құдалық, қыз ұзату неке қию рәсімдері; 3) Тойдан кейін орындалатын ғұрыптық рәсімдер [8, 104-6.].

Біз өз тарапымыздан, *той алдындағы ғұрыптық рәсімдерге қатысты қалыптасқан скриптонимдер, құдалық, қыз ұзату рәсіміне қатысты қалыптасқан скриптонимдер, үйлену тойы мен тойдан кейін орындалатын ғұрыптық рәсімдерге қатысты қалыптасқан скриптонимдер* деп үш тақырыптық топқа бөліп қарастыратын боламыз.

Той алдындағы ғұрыптық рәсімдерге қатысты қалыптасқан скриптонимдер. Түркі тілдес халықтардың үйлену тойына қатысты ғұрыптық рәсімдері бір-біріне өте ұқсас келеді, дегенмен өзіндік ерекшеліктері де бар. Бұл Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендеген, көшпелі өмір салтын ұстанған этностар мен олардан географиялық орналасу жағынан шалғайдағы түрік халқының тұрмыс-тіршілігіндегі ерекшеліктерге байланысты. Бұл туралы ғалымдар екі мың жыл бұрын бір тілде сөйлеген тайпалардың арасында тек тілге қатысты емес, сондай-ақ мәдениеті мен философиялық көзқарастарына, наным-сенімдеріне, тіпті сыртқы түр-әлпеттеріне қатысты да ерекшеліктер пайда бола бастады. Сонымен қатар көрші халықтармен экономикалық-әлеуметтік байланыс та олардың салт-дәстүрлері мен мәдениетінің өзге мәдениеттің ықпалына ұшырап, жаңаша дамып, басқа мән-мағына иеленуіне алып келді дейді [9]. Бұндай аймақтық ерекшеліктерді үйлену тойы алдында орындалатын ғұрыптық рәсімдер мен оларға қатысты қалыптасқан скриптонимдерді зерттеу барысында да анықтадық.

Құда түсу – қазақ халқындағы біреудің қызын баласына айттыра бару рәсімі (Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі – ары қарай

ҚДМЭС). Жігіттің ата-анасы өзінің жақын туыстары, көршілерімен бірігіп өздерінің көзі түскен, жігіт сырттай ғашық болып жүрген немесе жастар бір-бірін ұнататын болса, қыздың үйіне құда түсіп баратын болған. Қыздың әке-шешесіне «бізде ұл бар, сізде қыз бар» деп, өздерінің ниеттерін жеткізген. Қазіргі таңда бұл рәсім қазақ халқында сақталған, үйлену тойы барысында орындалатын ғұрыптық рәсімдердің маңызды кезеңі. Сонымен қатар қазіргі қазақ тілінде бұл рәсімге қатысты бұқаралық ақпарат көздерінде «құда түсу» скриптонимі қалыптасқан. Скриптоним «қалау», «*рұқсат сұрау*», «*рұқсатын алу*» мағынасында қолданылады. Мәселен, «Қайрат Нұртастың әніне шетелдік әншілер «құда түсіп» жатыр» (tengrinews.kz), «Түріктер «Көк жөтелге» құда түсті. Үйленуге қатысты «құда түсу» рәсімінің мағынасы да, «қалау», «рұқсатын алу» мағынасына ие болып тұр, бірақ бұқаралық ақпарат беттерінде қолданылатын «құда түсу» скриптонимі ғұрыптық рәсім аясынан шығып, сакралдық мағынасы бәсеңдеп, күнделікті өмірдегі қарапайым заттарды пайдалануға рұқсат алу мәнінде қолданылып тұр. Яғни байқағанымыздай, кейбір жағдайда ғұрыптық рәсімге қатысты мәтін өзінің сакралдық мағынасынан ажыраса, кейбір жағдайда керісінше, ақпараттық қуаты күшейіп, символдық дәрежеге көтеріледі.

Горучу гитме – түрік халқындағы қыз айттыру үшін орындалатын рәсімдердің бірі. Қыз айттыратын адамдарды *guguguyuler* деп атайды. Бұл рәсім құда түсердің алдында орындалады. Яғни жігіттің анасы жақындарын жинап, қызды сырттай байқап, бағалап, көңілдерінен шықса, қызды ұлдарына айттырады. Қазіргі түрік тілінде осы рәсімге қатысты *горучу усулу* скриптонимі қалыптасқан. Бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет беттерінде «*Горучу усулу му, ашк евлилиги ми?*» деген секілді жарияланымдар өте көп. Мұнда «*Горучу усулу му, ашк евлилиги ми?*» деп некелесудің екі нұсқасын бөліп қарастыру арқылы біреуі келісіммен немесе есеппен, екіншісі махаббатпен үйленетінін атап айтып тұр. Яғни гоучулук рәсіміне қатысты қалыптасқан *горучу усулу* скриптонимі («есеп, келісім») («*анлашмалы евлилик*») екіншілік мағынасын ие болып тұр.

Сырға салу – «күйеу жақтан құда түсуге келген кісілердің қалыңдықтың құлағына сырға салып, қызды алып кететін күнді белгілейтін жоралғысы» (ҚӨТС). Тілімізде осы рәсімге қатысты «сырғалым» скриптонимі қалыптасқан. Яғни күнделікті өмірдегі сырға «*әртүрлі қымбат металдар мен асыл тастардан (алтын, күміс, гауһар, жақұт, лағұл т. б.) жасалған, сән үшін әйелдердің құлағына тағатын әшекей зат*» (ҚӨТС) ретінде танылса, ғұрыптық рәсім аясында сырға символдық мағынаға ие болып, «сырғалым», яғни бұдан кейін қыздың басының бос емес екенін, атастырылғанын білдіретін белгі ретінде қызмет етіп тұр. Мыс.: «Актриса Индира Еділбаева сырғалым атанды» («*astanatv*»). Түрік халқында құдалар өзара келіскеннен кейін қыздың

қолына жүзік тағылады. Бірақ түрік тілінде қазақ тіліндегі «сырғалым» скриптонимі секілді жалпы тілдік қолданысқа енген екінші мағыналы тіркес қалыптаспаған.

Тузлу кахве – түрік халқының *қыз истеме* рәсімінен кейін күйеу балаға кофе ұсыну рәсімі. Ескі замандарда қыз бен жігіт бір-бірін бұрын соңды көрмей, ата-аналарының келісімімен үйленетін болған. Сол уақытта қыз жігітті ұнатпағанын білдіру үшін кофеге тұз қосып, ал көңілінен шықса, қант қосып ұсынатын [10, 27-б.] болған. Қазіргі кезде бұл рәсімнің мағынасы өзгеріп, «махаббат сынағы» («севги тести») [11, 325-б.], яғни жігіт қызды шын жақсы көрсе, тұзды кофені сыр білдірмей ішуі керек деген мағынаға ие болған.

Құдалық, қыз ұзату рәсіміне қатысты қатысты қалыптасқан скриптонимдер. Түрік және қазақ халықтарында екі жас айттырылып, құда түсіп қойғаннан кейін құдалық, қыз ұзату рәсімдері орындалады.

Нишан – түрік халқындағы құдалық, яғни қызды ұзату рәсімі. *Nishan* болардан бұрын жігіттің ата-анасы қыздың үйіне *sheker, sherbet boyası* және басқа да тәттілерді жібереді. Сонымен қатар жігіт жақтан бір екі адам келіп шербет дайындауға көмектеседі. Кейін дайындалған шербетті келген қонақтарға ұсынады. Қонақтарға берілетін тәтті шербет символдық мағынаға ие болып, *нишан* рәсімі кей жерлерде *шербет / шекер мерасими* деген атауға ие болған. Н. Толстой [12] пікіріне сүйеніп, *шербет / шекер мерасими* тіркесін заттық акционалды кодты мағынаға ие болған скриптоним ретінде танимыз. Қазақ халқында құдаларға тартылатын рәсімдік сипаты бар сый тамақ ретінде «құйрық-бауыр асату» рәсімін қарастырсақ болады.

Құйрық-бауыр асату – «құдаларға құрмет көрсету ретінде орындалатын рәсім. Құйрық-бауыр жегеннен кейін ғана екі жақ бірін-бірі нағыз құда ретінде таныған» [13, 158-б.]. Құйрық пен бауырды ұсақтап турап, табаққа салып, бірнеше әйел адам әндете отырып (Құда, құда дегізген, Құйрық-бауыр жегізген. Құйрық-бауыр жемесе, Несіне құда дегізген) құдаларға асатқан. Бұл жерде біз музыкалы, заттық, акционалды кодты скриптонимдерді анықтай аламыз. Бірінші рәсім өзіндік ырғақты музыкалық сүйемелдеумен жүрсе, екіншіден, әйелдердің өз қолдарымен құдалардың аузына салуы арқылы акционалды (белгілі-бір әрекетті іске қосады) код іске қосылады. Үшіншіден, құйрық-бауыр құдалықтың символы ретінде танылып, заттық кодты скриптонимге негіз болды. Бұл пікірімізге әйелдер осы рәсімді орындау барысында айтатын: «Құйрық-бауыр жедің бе? Құда болдым дедің бе?» деген өлең жолдары дәлел бола алады.

Бүгінде түрік халқында ерте замандарда қыз ұзату рәсімінің міндетті кезеңі саналған, дегенмен қазіргі кезде жастар тарапы қолданбайтын, тіпті қарсылық көрсететін рәсімнің бірі – *kırmızı kushak bağlamak*.

Қырмызы қушак багламак – әкесінің ұзатылатын қызының беліне қызыл жолақты мата байлау рәсімі. Ескі замандарда әкелері *Қырмызы қушак* байлау арқылы менің қызым арқылы құданың үйіне береке, жақсылық барсын, ұрпағы көп болсын деп ниет білдірген. Дегенмен қазір бұл жастар санасында рәсімнің мағынасы түбегейлі өзгеріп, қызыл түс қанның түсі, яғни қыздың пәктігінің (бекарет) белгісі ретінде танылады. Сол себепті де қыздардың басым бөлігі *қырмызы қушак* байлаудан бас тартады. Бұл жерден осы рәсімді орындау барсындағы *қырмызы қушак* (қызыл белбеу) заттық кодты жағымсыз мәнді скриптонимнің түзілуіне ұйытқы болды.

Қазақтарда қыз жақта жасалған құдалық немесе ұзату тойында күйеу балаға «төс тарту» рәсімі бар. *Төс тарту* – қыз тарапынан жасалатын құдалық кезінде жеңгелерінің күйеу балаға арнайы сыбағасын беру рәсімі. Ерте замандарда бұл рәсімнің өзіндік мәні болған. Қазақтар күйеу бала төстің екі қабырғасы секілді екі елді біріктірсін және қой етінің ең нәрлі жері болғандықтан, күйеу баламыздың қуатын арттырсын деп ниет еткен. Сонымен қатар сыбағасын алған күйеу қыздың жеңгелеріне ақшалай сый берген. Дегенмен бүгінде төс тарту рәсімінің алғашқыдағы мәні ұмыт болып, күйеу баладан сый алу, оның қолының ашықтығын немесе сараңдығын тексеру, көңіл көтеру мақсатында өткізіледі. Сондай-ақ қазіргі күйеу балалар төс етін түгел жемей, майлы деп ауыз тиіп қана қояды. Бұл рәсімде төс күйеу баланың сыбағасы символдық мәніне ие болып, заттық-акционалды кодты скриптонимді іске қосып тұр.

Үйлену тойы мен тойдан кейін орындалатын ғұрыптық рәсімдерге қатысты қалыптасқан скриптонимдер.

Қазақ халқы келінді аман-есен алып келгеннен кейін «*босаға аттату*» рәсімін өткізеді. Күйеу жігіттің жақын туыстары немесе сыйлы әйелдер келіннің басына ақ орамал жауып, отқа май құйғызып, келінді жетектеп, оң аяғымен босағадан аттатады. Қазақ халқының дүниетанымында босаға – ерекше қадірлі орын. «Босағаны керме», «босағада тұрма» деген тыйым сөздер сөзіміздің дәлелі бола алады. Ғалымдар босаға қатысты бұл секілді көзқарастарды ертедегі тәңірлік наным-сенімдермен байланыстырады. «Мұнда қыз бала өз ұясынан шығып, басқа шаңыраққа келіп қонып, өміріндегі бір дәурені өтіп, енді жаңа кезеңге аттағалы тұрған тұлға ретінде байқалады» [14, 81-б.]. Осы өтпелі кезең ұғымы негіз болып қазіргі қазақ тілінде тұрмысқа шыққан қыздарға қатысты «босаға аттаған қыз» ұғымы қолданылады. Біз бұл ұғымды тұлғалық-локативті кодты скриптоним деп танимыз.

Түрік халқында қыз ұзатылып, жігіттің үйіне келген күні кешке «*қына гечи*» рәсімі өткізіледі. Қына – түрік ұғымында адалдықтың символы. Қына жағылған зат немесе тірі жан болсын «иммунитетке ие болып», қауіпсіздікте

болады деп сенеді. Оны құрбандыққа сойылатын малдарға, әскерге кететін жігіттерге, сонымен қатар келіннің қолына жағады [15]. Басына қызыл жамылғы жамылған келін алақанын жұмып отырады, қайын енесі алтын бергеннен кейін ғана қолын ашып, қына жағуға рұқсатын берген. Дегенмен қазіргі кезде «қына гечи» діни сипатын жоғалтып, көңіл көтеру кеші ретінде мағынаға ие болған. Заман ағымына сәйкес екіншілік мағынаға ие болған «қына гечи» рәсімін, акционалды кодты (келіннің алақанын ашу үшін қайын енесінің алтын беруі, рұқсатын алғаннан кейін қолына қына жағуы), заттық кодты (қына құрбандықтың символы ретінде танылады, яғни келін өзінің қыз кезіндегі әке-шешесінің жанындағы алаңсыз өмірін еркелігін құрбан етіп, келіндік қызметке, үлкен өмірге айырбастайды) скриптотим деп есептейміз.

Қазақ халқы келін түсіргеннен кейін, міндетті түрде «беташар» рәсімін өткізген. Түрік халқында да осыған ұқсас «*иуз ачма*» рәсімі бар. Бірақ қазақ халқындағыдай аса қатты дәріптелмейді. Қазақ халқындағы «*беташар*» рәсімі тәңірлік санамен тығыз байланысты. Бұл туралы фольклортанушы ғалым былай дейді: «Бет жабу тірілерге тән жоралғы емес. Өлі адамның ғана беті жабылады. <...> «Беташар» рәсімі – өз жұртында тазарып, «өлген» келінді жаңа түскен жұртында «қайта тірілтіп алу» процесін қамтамасыз ететін ежелгі рәсми амал» [16]. Ғалымның пікіріне сүйенсек, «беташар» рәсімі қазақ халқының дүниетанымында өтпелі кезең ретінде танылған. Бұл рәсім қазір кеңінен қолданылады дегенмен мағынасы келіннің әулеттің үлкендеріне құрмет көрсетіп, сәлем салуы сипатына өзгерген. Сонымен қатар бүгінде «беташар» рәсімінің негізінде акционалды кодты таныстырылым мәнді «беташар» скриптотимі қалыптасқан. Мыс.: «Ел егемендігінің отыз жылдық мерекесі аясында елордадағы Ұлттық академиялық кітапханада «Аманат» Қазақ күйлері антологиясы» деген атпен қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі шыққан кітаптың беташары өтті» (adebiportal.kz). Мысалдан көріп отырғанымыздай, беташар сөзі үйлену тойына қатысты ритуалдық аясынан тыс, таныстырылым мағынасына ие болған.

Қорытынды

Әбір халықтың этнотілдік санасындағы скриптотимдер белгілі бір қоғамда қалыптасқан құндылықтарға негізделген бағыт-бағдар іспетті болады. Біздіңше, адам өзі өмір сүріп отырған ұжымының этнотілдік санасындағы сондай лингвомәдени кодтарды меңгермей, сол қоғамға сіңісіп кетуі қиындайды немесе өзінің түп негізінен ажырайды. Осы тұрғыда, үйлену тойына қатысты ғұрыптық рәсімдер жалпы түркі, соның ішінде қазақ, түрік халықтарының өмір салтында аса маңызды орынға ие. Біздің халықтарымызға (қазақ, түрік) ортақ осы тектес мәдени мұра, құндылықтарымызды түркі халықтарын біріктіруші күш ретінде пайдалуымызға болады деген түйінге келдік. Осы мақсатта қазақ, түрік халықтарының тілінде үйлену

тойы ғұрыптық рәсімдеріне қатысты лингвомәдени код ретінде сақталып қалған, заман ағымына қарай түпкі мағынасын өзгерткен тілдік бірліктерді (скриптотонимдерді) зерттедік, нәтижесінде оларды халықтың этнотілдік санасын жаңғырту тетіктері ретінде қарастырдық. Сонымен қатар қазіргі қазақ, түрік тілдерінде ғұрыптық рәсімдерге қатысты қалыптасқан лингвомәдени кодты бірліктерінде (скриптотонимдерде) шифрлаған ақпаратты ашу арқылы этнотілдік санасындағы өзгерістерге баға бердік. Үйлену тойы ғұрыптық рәсімдеріне қатысты қалыптасқан лингвомәдени кодтарды, яғни скриптотонимдерді талдау барысында олардың түпкі мағынасы мен орындалу мақсатының мүлдем өзгергенін, кейде тіпті жағымсыз мағынаға ие болғанын анықтадық. Алдағы уақытта да осы тектес лингвомәдени кодтарды зерттеу түркілік танымымыз бен мәдениетімізге, рухани құндылықтарымызға қайта оралып, ата-бабаларымыздан қалған мәдени мұраларымыз бен бүгінгі ХХІ ғасырдағы ұрпақтар арасындағы үзіліп бара жатқан байланысты қалпына келтіріп, нығайтуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Кривошапкина, Н. А.** Образы-символы в обрядовой культуре юкагиров [Текст] // Неделя науки СПбПУ. – 2019. – С. 394–397.

2 **Demir, T.** Geleneksel türk gelininin büyüsel erginlenme yolculuğu [Text] // Motif Akademi Halkbilimi Dergisi. – 2023. – Vol. 16. – №. 41. – P. 270–289.

3 **Хоробрых, С. В.** К вопросу о семантических отношениях морфем в лексике ритуала (на материале «Этнолингвистического словаря свадебной терминологии Северного Прикамья», «Словаря свадебной лексики Орловщины») [Текст] // Русское слово : литературный язык и народные говоры. – 2008. – С. 217–222.

4 **Банкова, Т. Б., Угрюмова М. М., Агапова Н. А.** Константы русской народной культуры: языковые воплощения [Текст]. – Федеральное государственное автономное образовательное учреждение высшего образования «Национальный исследовательский Томский государственный университет», 2017. – 200 с.

5 **Алефиренко, Н. Ф.** Поэтическая энергия слова: синергетика языка, сознания и культуры [Текст] / Н. Ф. Алефиренко. – М. : Academia, 2002. – 392 с.

6 **Быкова, О. И.** Этноконнотация как вид культурной коннотации : на материале номинативных единиц немецкого языка [Текст] / О. И. Быкова. – Воронеж : Воронежский государственный университет, 2005. – 277 с.

7 **Хорохордина, М. В.** Скриптотонимы как способ репрезентации знаний немецкоязычного культурного пространства (на примере номинаций в

сфере ритуализованной коммуникации) [Текст] : дис. ... канд. филол. наук : 10.02.04 / Марина Владимировна Хорохордина. Воронеж : Воронеж. гос. ун-т, 2018. – 166 с.

8 **Фурса, А. В.** Лексика свадебной обрядности : Тематические группы [Текст] // Молодёжь XXI века : шаг в будущее. – 2022. – С. 104–105.

9 **Мурад, А.** Кипчаки. Древняя история тюрков и Великой степи [Текст]. Кн.1. – Семей : Международный клуб Абая, 2001. – 168 с.

10 **Özbek, R.** Türkiyede evlilik ritüelleri [Text] : Niğde örneği: dis. – Sosyal Bilimler Enstitüsü, 2019. – 324 p.

11 **Balci, F.** Cezveden kültüre 40 yıl: Türk kahvesi ve geleneği [Text] // The Journal of Academic Social Science. – 2019. – Vol. 87. – № 87. – P. 315–328.

12 **Толстой, Н. и др.** Славянская этнолингвистика : Вопросы теории [Текст]. – Федеральное государственное бюджетное учреждение науки Институт славяноведения Российской академии наук, 2013. – 240.

13 **Seytzhanyuly, Z.** Құйрық-бауыр асату өлеңдері [Мәтін] // Вестник КазНУ. Серия филологическая. – 2015. – Т. 155. – № 3.

14 **Irmak, Y.** Doğumdan ölümüne bingöl geçiş dönemleri inanç ve uygulamaları [Text] // Bingöl Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi (BUSBED). – 2016. – Vol. 6. – № 11. – P. 113–132.

15 **Кикумова, А. З.** Қыз ұзату және келін түсіру дәстүріне байланысты символикалық лексика [Мәтін] // Фундаментальная наука и университетское образование в эпоху инноваций. – С. 78.

16 **Жүсіпов, Б.** Келіннің бетіне орамалды неге жабады? [Мәтін] // [Электронды ресурс]. – <https://new.zhalagash-zharshysy.kz/kogam/11630-kelnn-betne-nege-zhauly-zhabady.html>.

References

1 **Krivoshapkina, N. A.** Obrazy-simvoly v obrjadovoj kul'ture jukagirov [Symbolic images in the Yukaghir ritual culture] [Text] // Nedelja nauki SPbPU. – 2019. – P. 394–397.

2 **Demir, T.** Geleneksel türk gelininin büyüsel erginlenme yolculuğu [Text] // Motif Akademi Halkbilimi Dergisi. – 2023. – Vol. 16. – № 41. – P. 270–289.

3 **Horobryh, S. V.** K voprosu o semanticheskikh otnoshenijah morfem v leksike rituala (na materiale «Jetnolingvisticheskogo slovarja svadebnoj terminologii Severnogo Priam'ja», «Slovarja svadebnoj leksiki Orlovshhiny») [On the issue of semantic relations of morphemes in the vocabulary of ritual (based on the material of the «Ethnolinguistic Dictionary of Wedding Terminology of the Northern Kama region», «Dictionary of Wedding Vocabulary of the Oryol region»)] [Text] // Russkoe slovo : literaturnyj jazyk i narodnye govory. – 2008. – P. 217–222.

4 **Bankova, T. B., Ugrjumova, M. M., Agapova, N. A.** Konstanty russkoj narodnoj kul'tury: jazykovye voploshhenija [Constants of Russian folk culture : linguistic embodiments] [Text]. – Federal'noe gosudarstvennoe avtonomnoe obrazovatel'noe uchrezhdenie vysshego obrazovanija «Nacional'nyj issledovatel'skij Tomskij gosudarstvennyj universitet», 2017. – 277 p.

5 **Alefirenko, N. F.** Pojeticheskaja jenergiya slova : Sinergetika jazyka, soznaniya i kul'tury [Poetic energy of the word : the synergetics of language, consciousness and culture] [Text] / N. F. Alefirenko. – Moscow : Academia, 2002. – 392 p.

6 **Bykova, O. I.** Jetnokonnnotacija kak vid kul'turnoj konnotacii: na materiale nominativnyh edinic nemeckogo jazyka [Ethnoconnotation as a type of cultural connotation : based on the material of nominative units of the German language] [Text] / O. I. Bykova. – Voronezh : Voronezhskij gosudarstvennyj universitet, 2005. – 277 p.

7 **Horohordina, M. V.** Skriptonimy kak sposob reprezentacii znaniy nemeckojazychnogo kul'turnogo prostranstva (na primere nominacij v sfere ritualizovannoj kommunikacii) [Scriptonyms as a way of representing knowledge of the German-speaking cultural space (using the example of nominations in the field of ritualized communication)] [Text] : dis. ... kand. filol. nauk : 10.02.04 / Marina Vladimirovna Horohordina. – Voronezh : Voronezh. gos. un-t, 2018. – 166 p.

8 **Fursa, A. V.** Leksika svadebnoj obrjadnosti: tematicheskie gruppy [Vocabulary of wedding rituals : thematic groups] [Text] // Molodjozh' XXI veka : shag v budushhee. – 2022. – P. 104–105.

9 **Murad, A.** Kipchaki. Drevnjaja istorija tjurkov i Velikoj stepi [The Kipchaks. The ancient history of the Turks and the Great Steppe] [Text]. Kn.1. – Semej : Mezhdunarodnyj klub Abaja, 2001. – 168 p.

10 **Özbek, R.** Türkiyede evlilik ritüelleri [Text] : Niğde örneği : dis. – Sosyal Bilimler Enstitüsü, 2019. – 324 p.

11 **Balci, F.** Cezveden kültüre 40 yıl: Türk kahvesi ve geleneği [Text] // The Journal of Academic Social Science. – 2019. – Vol. 87. – № 87. – P. 315–328.

12 **Tolstoj, N., etc.** Slavjanskaja jetnolingvistika : voprosy teorii [Slavic ethnolinguistics : questions of theory] [Text]. – Federal'noe gosudarstvennoe bjudzhetnoe uchrezhdenie nauki Institut slavjanovedenija Rossijskoj akademii nauk, 2013. – 240 p.

13 **Seytzhanyly, Z.** Qııryq-bauyr asatu öleñderi [Ceremonial Songs of Sharing Tail and Liver] [Text] // Vestnik KazNU. Seria filologicheskaja. – 2015. – Vol. 155. – № 3.

14 **Irmak, Y.** Doğumdan ölümüne bingöl geçiş dönemleri inanç ve uygulamaları [Text] // Bingöl Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi (BUSBED). – 2016. – Vol. 6. – № 11. – P. 113–132.

15 **Kikumova, A. Z.** Qyz ūzatu jäne kelin tüsiru дәстүріне bailanysty simvolikalıq leksika [Symbolic vocabulary related to the tradition of bridesmaids and bridesmaids] [Text] // Fundamentálnaia nauka i universitetskoe obrazovanie v epohu innovasi. – 78 p.

16 **Jüsipov, B.** Kelinniñ betine oramaldy nege jabady? [Why does the bride cover her face with a handkerchief?] [Text] // – <https://new.zhalagash-zharshysy.kz/kogam/11630-kelnn-betne-nege-zhauly-zhabady.html>

08.01.25 ж. баспаға түсті.

14.04.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.08.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

**Р. Н. Акегожаева¹, А. С. Мурзинова²*

^{1,2}Казахский национальный

женский педагогический университет,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 08.01.25.

Поступило с исправлениями 14.04.25.

Принято в печать 25.08.25.

ЛИНГВОКУЛЬТУРНАЯ ОСОБЕННОСТЬ СКРИПТОНИМОВ, КАСАЮЩИХСЯ СВАДЕБНЫХ РИТУАЛЬНЫХ ОБРЯДОВ

Ранние ритуальные обряды, традиции и верования, дошедшие до наших дней и сохранившиеся, играют важную роль в духовно-культурной жизни народа. Кроме того, большое значение имеет изучение специфики ритуальных обрядов народа и его применение в воспитании и формировании личности. Результаты исследования ритуальных обрядов и верований тюркских народов, связанных со свадьбой, показывают, что они имеют одинаковые корни. Культурное наследие этого рода, наши ценности, общие для наших народов (казахского, турецкого), можно использовать как объединяющую силу тюркских народов, что, в свою очередь, отражает актуальность нашего исследования. В этой связи цель нашего исследования: выявить механизмы возрождения этноязыкового сознания путем изучения языковых единиц (скриптонимов), которые сохранились в казахском и турецком языках в качестве лингвокультурного кода свадебных

ритуальных обрядов. В соответствии с этой целью предусмотрено решение следующих задач: определение, сопоставление свадебных ритуальных обрядов, казахского, турецкого народов; оценка изменений в этноязычном сознании путем раскрытия зашифрованной информации в лингокультурных кодовых единицах (скриптонимах), сложившихся на основе ритуальных обрядов в современных казахском, турецком языках.

Ключевые слова: ритуальные обряды, лингвокультурные коды, этноязычное сознание, скриптонимы, метонимия, тюркские языки.

*R. N. Akegozhayeva¹, A. S. Murzinova²

^{1,2}Kazakh National Womens

Teacher Training University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 08.01.25.

Received in revised form 14.04.25.

Accepted for publication 25.08.25.

THE LINGUISTIC AND CULTURAL FEATURE OF CRYPTONYMS RELATED TO WEDDING RITUALS

Early ritual ceremonies and preserved beliefs that have survived to the present day play a very important role in the spiritual and cultural life of the people. For this reason, it is of great importance to study the specifics of the ritual ceremonies of the people and its application in the upbringing and formation of personality. The results of the study of the ritual ceremonies and beliefs of the Turkic peoples associated with the wedding show that their origin has the same roots. Cultural heritage of this kind, our values common to our peoples (Kazakh, Turkish), can be used as a unifying force of the Turkic peoples, which, in turn, reflects the relevance of our research. In this regard, the purpose of our study is to identify the mechanisms of the revival of ethno-linguistic consciousness by studying linguistic units (scriptonyms) that have been preserved in the language of the Kazakh and Turkish peoples as a linguistic and cultural code regarding wedding rituals. In accordance with this goal, the following tasks are provided: definition, comparison of wedding ritual ceremonies of the Kazakh and Turkish peoples; assessment of changes in the enophone consciousness by disclosing encrypted information in linguistic and cultural code units (scriptonyms) of wedding ritual rituals in modern Kazakh and Turkish languages.

Keywords: ritual ceremonies, linguistic and cultural codes, ethnolinguistic consciousness, scriptonyms, metonymy, Turkic languages.

Теруге 25.08.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,18 МБ RAM

Шартты баспа табағы 31,59. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4438

Сдано в набор 25.08.2025 г. Подписано в печать 30.09.2025 г.

Электронное издание

5,18 МБ RAM

Усл. печ. л. 31,59. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4438

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz